



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультеті  
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of Journalism and Political Science  
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30  
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
9 сәуір 2021 ж.

---

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND  
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference  
on April 9, 2021

---

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И  
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной  
научно-практической конференции  
9 апреля 2021 г.

**Нұр-Сұлтан, 2021**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан  
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия  
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан  
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

**«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».**  
Сборник материалов XI-Международной научно-практической  
конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337-516-8**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337-516-8**

**© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

14. Сайт «adilet.zan.kz». «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электронды ресурс]. 2012. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (Жүгіну уақыты: 09.03.2021)

Тулбаева Меруерт Кенжебайқызы  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті,  
Саясаттану кафедрасының доценті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ПРЕСПИЧРАЙТИНГ: ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ АЛГОРИТМІ

**Аңдатпа.** Мақалада саяси спичрайтингте материалдарды алдын ала дайындаудың негізгі форматтары талданады. Сөйлейтін сөздің мәтінімен жұмыс жасаудың жалпы алгоритмдері, саяси сөздердің түрлеріне, типтеріне және жанрларына шолу жасау, сондай-ақ саяси сөз эффективтілігінің көрсеткіштері қарастырылады.

**Аннотация.** В статье анализируются основные форматы предварительной подготовки материалов в политическом спичрайтинге. Рассматриваются общие алгоритмы работы с текстом речи, обзор видов, типов и жанров политических выступлений, а также показатели эффективности политической речи.

**Abstract.** The article analyzes the main formats of preliminary preparation of materials in political speechwriting. General algorithms for working with the text of speech, an overview of the types, types and genres of political speeches, as well as indicators of the effectiveness of political speech are considered.

**Кілт сөздер:** саяси спичрайтинг, саяси сөз, оратор, саясат, аудитория

**Ключевые слова:** политический спичрайтинг, политическое слово, оратор, политика, аудитория

**Keywords:** political speechwriting, political speech, speaker, politics, audience


*10-минуттық сөзді дайындау үшін маған бір апта керек;  
15-минуттық сөзді дайындау үшін үш күн; жарты сағаттық  
сөзді дайындау үшін - екі күн; ал бір сағаттық сөзді қазір  
десеңіз де айтып бере аламын*

**Томас Вудро Вильсон**

Саясаткердің саяси сөзі - саяси PR-дың эффективті құралы. Халық алдында айтылатын сөзді, оны айтатын спикерді – сөз сөйлейтін саясаткерді міндетті түрде дайындау қажет. Бұл міндеттердің бәрін саяси спичрайтинг жүзеге асырады.

**Саяси сөз** – белгілі бір (нақты белгіленген) мақсатпен, нақты аудитория алдында айтылу үшін жазылған мәтін.

Саяси сөздің өз мақсаты бар, және ол монолог түрінде де (мәселен, президенттің жаңа жылдық құттықтауы), диалог түрінде де, мәселен, президенттікке үміткердің ашық пікір-таластары, болады (1 - сурет).



1- сурет. Саяси сөздің спецификасы

Саяси спичрайтердің кәсіби деңгейі сөздің композициясын алдын ала анықтай білу қабілетімен айқындалады. Ол материалдарды (мәліметтер, аллегориялар мен салыстырулар, оқиғалар (нарративтер) және өмірлік мысалдар), жинақтап, құрылымдап, сөздің лайықты әрі тура стилін, түрін, жанрын, типін дұрыс таңдай білуі керек.

Саяси сөз алдымен аудиторияның санасына және бейсанасына ықпал етіп, нәтижесінде бұқараның менталды конструкциялары мен саяси мінез-құлқына әсер етеді. Осылайша, сөздің табыстылығы оның тыңдаушылардың дүниетанымы мен мінез-құлқында қандай өзгерістер, қандай саяси ықпал жасағанымен өлшенеді.

**Саяси ықпал** – бұл саяси сөздің эффектісі, аталған эффект бұқараның саяси ұстанымдарының және олардың мінез-құлықтарының өзгеруімен (сандық және сапалық) өлшенеді.

Ол үшін заманауи саяси спичрайтингте қуатты құралдардың жиынтығы бар. Саяси риторика әдістерінің алуан түрлерін екі тармаққа топтастыруға болады.

**Гомилетика** - шешеннің аудиторияға көп мәрте ықпал етуі. Гомилетиканың көп кездесетін мысалы – оқытушының ЖОО-дағы академиялық лекциялары. Саясатта гомилетика аз қолданылады (бір партияда мүшелерінің және партияның айқын жақтаушыларының арасында немесе саяси көшбасшы бағдарламалық мәлімдемелермен сөз сөйлеген кездерінде).

**Ораторика** – аудиторияға бір реттік ықпал ету. Саяси қызметте ораторика (әлеуметтік-саяси шешендік) қуатты түрде кең тарап үлгеріп, төмендегідей тармақшаларға бөлініп кетті:

- әкімшілік-саяси риторика;
- дипломатиялық риторика;
- парламенттік риторика;
- саяси диспут;
- саяси шоудағы дискуссия және т.б.

Саяси спичрайтер сөз сөйлеуге қажетті материалдарды дайындаған (преспичрайтинг) кезде саяси риториканың аталған түрлерін, оның тармақтарын игеруі міндетті.

**Саяси спичрайтинг: жұмыстың жалпы алгоритмі:** *«Жақсы сөзді суырып салып, аяқ астынан айта салу үшін кемінде үш апта дайындық керек» деп Марк Твен айтқандай* сөзбен жұмыс жасау үшін әр қадамның реттілігін қамтамасыз ететін нақты іс-қимылдар алгоритмін ұстану керек. Оны кезінде Цицерон сипаттап, айтып кеткен [Цицерон М.Т., 1972].

**Ойлап табу** (инвенция) – алда айтылатын сөздің түпкі ойын, мақсатын айқындау, стилі мен мазмұнын таңдау. Осы кезеңде: НЕ АЙТАМЫН? деген сұрақ пысықталады.

**Орналасуы** (диспозиция) сөздің композициясымен жұмыс жасау, оның көлемін нақтылау, негізгі бөлімдерінің қатар орналасуын, сондай-ақ бүкіл сөздің және оның әр бөлігінің жалпы таймингін анықтау. Бұл кезеңде ҚАЙДА АЙТАМЫН? деген сұрақ пысықталады.

**Көрініс, білдіру** (элокация) – сөзді редакциялау кезеңі, автор мәтінді тазартады, сәтсіз сөз тіркестерді алып тастап, орынды әрі оңтайлы деп табылған сөздер мен тіркестерді қосады. Бұл кезеңде: ҚАЛАЙ АЙТАМЫН? деген сұрақ пысықталады.

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

**Есте сақтау** (мемория) – дайындық кезеңі, бұл кезде шешен дайындалған мәтінді тыңдаушыға жақсы жеткізу үшін өзімен жұмыс жасайды (жаттығады): жаттайды (егер бұл қажет болса), қажетті жадынамалар, жазбалар жасайды (мәселен, осы жерде пауза жасау немесе қажетті слайдты қосу). Бұл кезеңде: **КІМ ЖӘНЕ КІМГЕ АЙТАДЫ?** деген сұрақ пысықталады.

**Айту** (акция) – шешеннің аудиториямен араласуы, сөйлесуі, оның бүкіл қызметінің шырқау шыңы. Бұл кезеңде: **ЫҚПАЛ ЕТУ, ӘСЕР ЕТУ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР МА?** деген сұрақ пысықталады.

**Рефлексия** (ұғыну және кері байланыс) – мәтінмен жұмыс жасаудың маңызды кезеңі, ол келесі кезде өз сөзін қалай жақсарту болатындығы жөнінде қорытынды жасауға көмектеседі. Бұл кезеңде: **ОДАН ӘРІ НЕ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ?** деген сұрақ пысықталады.

Саяси спичрайтер, риторика құралдарын оңтайлы қолдана отырып, сөйлейтін адамның жеке немесе корпоративті имиджін нөлден жасап, бекітіп және қолда бар позитивті имиджді насихаттап, ілгері жылжыта алады. Осы мақсатқа жету барысында келесі жайттарды ескеру маңызды:

Сөз сөйлеудің мақсаттары мен міндеттерін;

Оратордың жалпы аутентикалық сөйлеу мәнерін;

Клиенттің сөйлеуіндегі дара ерекшеліктерін;

Халық алдында сөйлейтін сөз құрудың заңдары;

Сөзді түйсінуге маңызды нысаналы аудиторияның сипаттамалары;

Сөйлейтін сөз тақырыбын беру ерекшеліктері (толық мәтін немесе тезистер);

Іс-шараның форматы (жанр, тип, түр);

Сөзді трансляция жасау арналары.

**Оратор сөзін дайындау бірнеше кезеңдерді қамтиды:**

Өзекті тақырыпты таңдау және нысаналы аудиторияны саралау;

Ақпарат жинау және сөйлейтін сөз материалдарын өңдеу;

Мәтін жазу (фактілерді құрастыру, тұтастыру және материалды қажетті қалыпқа келтіру);

Мәтінді нақты бір тұлғаға келтіріп өңдеу және сөйлейтін сөз контекстісі;

Дайындық, мәтінді тазалау, жетілдіру, шыңдау.

**Қазіргі форматта мәтінді жазу бірнеше кезеңдерді қамтиды:**

Сөйлейтін сөздің тезистерін дайындау: негізгі жайттарды бөліп көрсету;

Сөздің негізгі құрылымын жасау: басы, негізгі бөлік, қорытынды;

Қажетті тармақтарды, тараушаларды, мәліметтерді, үлгілерді, мысалдарды, бейнелеуші метафораларды анықтау;

Сөздің таймингі: оптималды жалпы ұзақтық, әр тарауға қажетті уақыт;

Сөйлеуге көмекші материалдарды дайындау: карточкалар, блок-сызбалар, «менталды карталар», мультимедиалық қамтамасыз ету (презентация, видео, музыкалық әрлеу және т.б.) дегенмен, аталған кезеңдер мен дайындықтың жалпы процесін толығырақ қарастыру керек.

**Сөйлейтін сөздің мәтінін дайындаудың кезеңдері мен құрылымы**

Саяси спичрайтер сөйлейтін сөз дайындау бойынша тапсырыс алғаннан кейін ұзақ жұмыс процесі басталады. Сөз жазатынның ең кең тараған (қарапайым) сызбасы келесі кезеңдерді қамтиды: 1) дайындық; 2) сұхбаттасу; 3) зерттеу-зерделеу; 4) сөз жазу және ұйымдастыру [Сайтэл Ф.П., 2002, 333 б.]. Саяси сөздің мәтінін дайындауда бұдан да кең құрылым бар.

**Сұхбаттасу және сөйлейтін сөздің мақсатын анықтау (нақтылау).** Спичрайтер өзін мәтін дайындап жатқан адамның тұлғалық қасиеттері, мінез-құлқы, имиджі, қоғамдағы орны, сөйлеу мәнері, көпшілік алдында өзін ұстауы туралы білуі керек. Сондай-ақ сөйленетін сөздің тақырыбын, негізгі идеяларын (тезистерін) және одан күтілетін нәтижені – аудиторияның сөйлеу нәтижесі бойынша оратор қол жеткізуге ниетті реакциясын анықтап алу керек. Спичрайтер оратордың психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеп, жазбаша сөзде

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты ХІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

тыныс белгілері арқылы көрініс беретін оның сөйлеу мәнерін, интонациясын ескеру керек. Басқаша айтқанда, бұл сөз оратордың тұлғалық тілдік ерекшеліктерін білдіру керек.

*Сөйлейтін сөзді жазудың алдында нақты оратордың дауысын өз қиялыңызда естіп, өзіңізді сол сөйлейтін жағдайда, ортада елестетуіңіз керек. Одан кейін жазылған мәтінді оратордың оқып шығуын сұрау керек, бұл аталған мәтіннің осы адамның жеке стиліне қаншалықты сай келетінін түсіну үшін керек.*

*Егер спичрайтер өзі жақсы білмейтін адамға арнап сөз жазған кезде сол адамның сөйлеу мәнері туралы неғұрлым көп білуге тырысу керек. Ол үшін сөйлейтін адамның бұрынғы сөйлеген сөздерін көру немесе тыңдау керек, немесе сөйлейтін сөздің тақырыбын анықтаған және ол тақырыпқа шешеннің көзқарасы талқыланған кездегі сұхбатты басып алып тыңдаса болады. Жазбаларды талдаған кезде оратордың жеке-дара стилінің негізгі сипаттамаларын анықтап алған абзал. Оларға оратордың сөйлеуіндегі тілдік ерекшеліктер және оның аудиториямен араласуының ерекше мәнері кіреді. Оратор стилінің тілдік және сөздік ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, олардың типтілігін белгілеу керек. Оны талдаудың статистикалық әдістерін қолдану арқылы жасауға болады.*

*Бірнші кезекте семантикалық талдау жасап, оратордың сөздік қорын айқындау керек. Әр адамның сөздік қорының көлемі мен құрамы әр түрлі. Арнайы лексиканы білу, стилистикалық жағынан боялған сөздерді қолдану, сленг қолдануға деген бейімділігі және т.б. оратордың жеке-дара стилінің белгілері ретінде қарастыруға болады [Никонова М.Н., 2012].*

Спикердің тұлғалық сипаттамалары мен сөйленетін сөздің мақсатын сәйкестендіру арқылы риторикалық туындының сөз стилі мен жанры анықталады (Бұл туралы біз келесі тарауларда толығырақ айтамыз. Қазір сөйленетін сөз ақпарат беру, эмоция тудыру, сендіру (қайта сендіру) немесе әрекетке үгіттеу (итермелеу) болуы мүмкін екендігін ғана айтып шектелеміз).

**Сөйленетін сөздің форматын (типін) анықтау.** Саяси спичрайтер сөздің өтімділігін, эффективтілігін арттыруға бағытталған стилистикалық және риторикалық әдіс-тәсілдерді қолдана білуі керек. Көп алдында сөйлеудің көптеген түрлері бар (олардың біразын кітабымыздың келесі тарауларында қарастырамыз), және олардың әр қайсысы дайындықтың түрлі қағидаларын ұстанып, түрлі әдістерін қолдануды қажет етеді. Мәселен, бағдарламалық сөзді дайындау үшін ақпараттың көп көлемін жинап, сипатты тенденцияларды анықтап, жағдайдың алдағы уақытта қалай өрбитінін болжау үшін мәліметтерді өздігінше талдау керек. Белгілі бір жағдайға байланысты пікір білдіру үшін алдағы дискуссияның өзегі болатын қандай да бір спецификалық проблеманың жекелеген фактілері мен аспектілерін анықтау керек. Сұхбат алу үшін қоямын деп жоспарлаған сұрақтардың тізімін жасап, өңдеп, салалас тақырыптарда сөйлескенге дайындалу керек.

**Аудиторияның біліктілік деңгейін, субъективті және объективті сипаттамаларын анықтау.** Аудиторияның дайындық деңгейі мен оның сөйлетін сөзде айтылатын проблема туралы білім деңгейі ғана сөздің тілін анықтап қоймайды. Егер сөз кәсіби мамандардың арасында айтылатын болса, онда арнайы кәсіби терминдерді пайдалану орынды болады. Егер аудитория аралас болса, бәріне түсінікті болу үшін оның арасындағы дайындығы ең төмен деген бөлігіне сүйену керек, алайда мағынасына залал келтіріп, фактілерді бұрмалап алмау керек.

Сондай-ақ аудиторияның ақпараттық «рационын» түсіну керек: нысаналы аудитория ақпараттың қандай түрін, қай форматта, қандай «қаптамада» жақсы қабылдайтындығын түсіну аса маңызды. Сосын саясаткердің сөзін беру керек. Осы жерде заманауи саясаттанудың негізін қалаушылардың бірі Гарольд Лассуэлдің саяси коммуникация әрекетінің Five w's деген классикалық сипаттамасы көмектеседі:

Who says? (Кім айтады?) – хабарлама бақылауын талдау;

What says? (Не айтылады?) – мазмұнын талдау (контент-анализ);

In which channel? (Қандай арна бойынша?) – масс-медиа талдау (медиаанализ);

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

To whom? (Кімге айтылып жатыр?) – аудиторияны талдау;

With what effect? (Қандай нәтиже болады?) – ықпалға талдау жасау.

Саяси спичрайтер, сөздің композициясымен және оны құруға қажетті бастапқы мәліметтерді жинақтаумен айналысқан кезде оған сарапшының орнына тұрып, сөйлейтін сөзге болып қойған оқиға ретінде қарау аса пайдалы. Сонда ол үшін сөз нәтижелері нақты және аудиторияның ойлары мен әрекеттерінде қажетті эффектісі айқындалған дайын коммуникативті әрекет ретінде пісіп-жетіледі.

Сөздің әсер ету қуатын арттыру үшін спичрайтер оның мәтінінде барлық қажетті өлшемдердің бар-жоқтығын тексеріп, көз жеткізсе болады. Көпшілікпен саяси коммуникация жасауды талдаудың заманауи нұсқаларының бірінде: кім айтты; кімге айтты; не туралы айтты; не үшін айтып жатыр (оны тыңдауға деген мотивация, мағына); қалай айтып жатыр (қандай арна арқылы, оның сөздері қаншалықты әсер етіп жатыр және т.б.) (2.2 сурет), деген шешуші бес сұраққа жауап алған-алмағанын түсіну аса маңызды.



2 - сурет. Көпшілікпен коммуникация орнатудағы бес шешуші сұрақ

Саясаткер сөз сөйлеген кезде ықпал ету субъектісі ретінде әрекет етеді, сонымен бір мезгілде өзінің көп алдындағы имиджін қалыптастырып, пайдаланады – тыңдаушыларға оларға кім сөйлеп тұрғандығы туралы ұғым қалыптастырады. Аудиторияның мінез-құлқы туралы жан-жақты хабардар болу спичрайтер үшін саяси сөздің табысты болуының салмақты себептерінің бірі. «Кімге?» деген сұраққа жауапты білу нысаналы аудиторияның бойындағы клишелерді, стереотиптерді, ойлау салты мен менталитетін пайдаланып тыңдаушылардың қажеттіліктерін, мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. «Не туралы?» деген сұраққа жауап беру халық алдында сөйлейтін сөздің тақырыбы – оны басты ойы болып табылады. Тақырыптың ауқымы аса кең немесе тым тар бағытта емес, нақты болғаны абзал. Спичрайтердің дайындық кезеңіндегі басты басымдықтарының бірі – «неге?» деген сұраққа жауап болып табылады, яғни көп алдында сөз сөйлеудің негізі міндеті және оны халықтың тыңдауындағы ынтасы.

Және ақырғысы, «қалай?» деген сұраққа жауап саяси спичрайтерге саяси сөздің мәтінін жеткізуде қолданылатын барынша орынды, оңтайлы риторикалық тәсілдерді, құралдарды және арналарды (оның ішінде медиа арналар бар) көрсетеді.

Материалдарды зерттеу, зерделеу және сөз мәтінін жазу. Сөз жазған кезде көптеген пайдалы материалдар ар. Бұлар өз кезегінде, тақырып бойынша белгілі және белгісіз фактілер, дәлел-дәйектер, ресми құжаттар, анықтамалық әдебиет, әлеуметтік сұраулардың нәтижелері, жарқын мысалдар мен иллюстрациялар, көркем әдебиет, сандық мәліметтер және атақты адамдардың беделді пікірлері (цитаты). Сондай-ақ шешеннің сөйлеу мәнері мен стилін түсіну үшін оның бұрынғы сөйлеген сөздерін зерделеу пайдалы болмақ. Ынталандыратын сәттерге мұқият назар аударған дұрыс – егер тиісті драйверлер қосылған болса, көпшіліктің әрбір түрі спикердің сөздерін түйсінетін болады. Мәселен, біреуді балалар денсаулығы мазаласа, біреуді

**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты ХІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

экология мәселері қызықтырады; біреу шешеннің идеяларының логикалық негіздемесін көргісі келеді, ал басқа біреу қуатты, баурап алатын эмоцияларды күтеді.

Мәтінді жазуға тікелей кіріскен кезде, спичрайтер ең алдымен сөйленетін сөздің негізгі айқын тезисін түйіндеп алып, аталған тезисті негізгі метафора ретінде бейнелеу арқылы әсерді күшейтуге болады. Жасырын салыстырудың бұл әдісі негізгі идеяны түсінікті қыла түсу үшін сөздің бейнелілігін арттыра түседі. Саяси метафора айна сияқты қоғамның дүниені түйсінуін, көңіл-күйін, мемлекетке деген қатынасын бейнелейді де сонымен бірге аллегория арқылы шешеннің күрделі саяси идеяларын қоғамға түсінікті қылады.

Метафоралар атауларды ұқсастығы бойынша ауыстыруға негізделген. Олар бейнелеу, затқа айналдыру, жан бітіру, көңілді аудару және т.б. қағидалары бойынша жасалады. Метафоралар ерекше, айырықша, оригиналды болып, эмоционалды ассоциациялар тудырып, оқиғаны немесе құбылысты тереңірек ұғынуға, елестетуге мүмкіндік береді [Введенская Л.А., 2001, 87 б.].

Тура келетін метафораларды дөп басып таңдау арқылы, спичрайтер аудиторияның бейсанасына деген ықпалды күшейте түседі. Мәселен, халықаралық саясаттың күрделі үрдістері мен үдерістерін сипаттау үшін «саяси асхана» деген аллегория қолданылады – онда дайындалған «ақпараттық тағамдардың» дәмін қалың көпшілік татады.

Сонымен бірге, көпшілік алдындағы сөздің түрлі құрылымдары, сөздік тәсілдері, байланыс орнатушы және лоялдылық тудыратын құралдар, сөздің негізгі айқын тезисін бірізділікпен баяндау әдістері, сөзді көркемдеуші құралдар, әзіл-қалжыңның рөлі мен көлемі бар. Мәселен, барынша әсерлі болу үшін сөздің кульминациясы алтын қиманың нүктесінде орналасқан «адресатқа ықпал етудің неғұрлым күшті аймағымен тура келуі» керек екен [Чепкасов А.В., 2010, с. 39].

Спикермен бірге сөздің мәтінін апробация жасау және ұйымдастыру. Сөздің алғашқы нұсқасы дайын болған кезде ұйымдастыру мәселелерімен айналысу керек: сөздің контекстісі қалай болатынын түсіну керек (мәселен, біздің ораторға дейін кім сөйледі және одан кейін кім сөйлейді); антураж - қандай ортада, қандай жағдайда, қай жерде сөйлейді, (орынның (аудитория, зал, бөлме) көлемі мен формасы, тыңдаушылардың саны мен орналасуы, бұл ашық аспан астында бола ма әлде тек микрофон мен камера ғана бар жабық студияда ма); сөз сөйлеу үшін қандай техникалық және мультимедиялық құралдар қолданылады.

Ораторлық өнерде бейсезімдік (вербалды емес) таңбалаудың көпшілік мақұлдаған қағидалары бар, олар сөйлейтін адамның сөзіне табиғи көркемдік береді.

Модуляция қолданып сөйле. Яғни маңызды сөздерде дауыстың күші мен тембрін ұлғайтыңыз, ал маңызды емес жерлерде - баяу және салмақты сөйлеңіз.

Сөйлеу қарқынын өзгертіңіз. Бөліп көрсетіп, назарды ерекше аудартқыңыз келетін сөздерді сөйлеу қарқынын баяулату арқылы айшықтаңыз. Ол сөздер аудиторияның санасына таңбаланып қалу үшін оларды нақты әрі айқын айтыңыз.

Маңызды ойлардың алдында және кейін кідіріс жасаңыз. Бұл сөйлеген кезде өте нәтижелі әдіс, ол аудитория назарын сөздің қажетті бөлігіне аударуға көмектеседі.

Спикермен бірге дайындық жасауға саяси оратордың ұсыныс-тілектері мен тұлғалық ерекшеліктеріне (артықшылықтары мен кемшіліктері) сүйеніп мәтінді редакциялау ғана кірмейді, сондай-ақ оның көпшілік алдында сөйлеуіне коучинг жасау: спикердің әлеуетін толық ашу, сөз сөйлеу кезінде оның өзін жақсы сезінуі үшін барынша жақсы жағдай туғызу. Нәтижесінде саясаткер айтатын сөз табиғи түрде еркін қабылданатын қалыпқа түседі де көзделген мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Сөз жазу – күрделі, ыждаһатты, ұзаққа созылатн, мейлінше ұқыптылықты қажет ететін еңбек. Сөз сөйлеудің әрбір бес минутын дайындауға сценариймен жұмыс жасаудың 3 сағаты сай келу керек. (И. Чайка. «Публичное выступление как по нотам»).

Спичрайтер сөз жазған кезде психолог ретінде де лингвист ретінде де әрекет етеді. Лингвист ретінде ол тілдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, сөз құраушы, фонетикалық ерекшеліктерін жетік біліп, мәтінді жанрлық орындауға байланысты оларды қолдана алуы керек, себебі тілдің қандай да бір грамматикалық, сөз құраушылық, лексикалық,



**«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты ХІ-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы**

ал кейде фонетикалық құралдарын қолдану нақты бір жанрдың форматымен айқындалады. Психолог ретінде ол оратор сөзін арнайтын аудиторияның элеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін де, сөйлейтін адамның тұлғалық сипаттарын білу керек.

Жалпы алғанда саяси спичрайтердің жұмысы – бұл көпшілік алдында айтылатын сөзді дайындау бойынша мұқият әрі ыждаһатты жұмыс, ол үшін сөйлеудің түрлі жанрларын жақсы білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хьюмс Дж. Секреты великих ораторов. Говори как Черчилль, держись как Линкольн / Джеймс Хьюмс. – М. : Альпина Бизнес Букс, 2012. – 304 б.
2. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве / Под ред. М.Л. Гаспарова. – М. : Наука, 1972. – 471 б.
3. Чайка И. Публичное выступление как по нотам: [Текст] [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://biblioteka.teatr-obraz.ru/node/6598>.
4. Чепкасов А.В. Работа спичрайтера и политического деятеля над текстами публичных выступлений (к постановке проблемы) / Артур Владимирович Чепкасов // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. Журнал теоретических и прикладных исследований. – Кемерово, ФГОУ ВПО «Кемеровский государственный университет культуры и искусств», 2010. – № 11. – Б. 34–42.
5. Черных А.И. Социология массовых коммуникаций. / Алла Ивановна Черных. – М. : Издательский дом ГУ ВШЭ, 2008. – 451 б.
6. Lasswell H. The Structure and Function of Communication in Society // The Communication of Ideas / Ed. by L. Bryson. – N. Y. : Harper, 1948. – Б. 32–51.
7. Seitel F.P. The practice of public relations. / Fraser P. Seitel. – 12th edition/ — Pearson, 2013. – 456 б.
8. Thatcher M. The path to power / Margaret Thatcher. – HarperCollinsPublishers, 1995. – Б. 296–316.

**Инкаш Д.Б.**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,  
[dariyainkash@mail.ru](mailto:dariyainkash@mail.ru)**

**ЕЛБАСЫНЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ҚҰРУДАҒЫ БАСТАМАЛАРЫ –  
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖЕМІСІ**

**Abstract.** The United Nations has adopted the Declaration on Building a Nuclear-Weapon-Free World, proposed by Kazakhstan. The adoption of the resolution became another confirmation of the independent foreign policy of Nursultan Nazarbayev and became another contribution to the anti-nuclear movement "born" in our country. Globally, the decision to end nuclear testing has had enormous implications. The decision of Nursultan Nazarbayev to close the landfill is still called the feat of an outstanding leader on a global scale.

**Keywords:** anti-nuclear movement, Kazakhstan, global security, Nevada-Semey, Leader of the Nation,

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан әлемдегі ядролық қарудың төртінші ірі арсеналына айналды. Орын алған жағдай бойынша 1949 жылдың 29 тамызында КСРО Қазақстанның орталық сынақ алаңы – Семей полигонында ядролық қарудың алғашқы тәжірибелік сынағын өткізді. Семей ядролық полигонындағы жалпы сынақтардың саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы жер бетінде және әуе